

**№34 көп салалы мектеп-гимназия «Қамқорлық акциясы» өткізілгені  
туралы  
Хаттама №3**

2020

**Өтілген күні:** 11.02.2020 ж

**Уақыты:** 12:00

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, ұстаздар

**Күн тәртібінде**

1. «Жылулық сәулесі» қамқорлық акциясын ұйымдастыру.

Мектебімізде әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары». «Жылулық сәулесі» акциясы болатындығы туралы мектеп ұжымына хабарланды.

**Тыңдалды:** Әлеуметтік педагог А.Қадыржанова Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 30 желтоқсан №1032 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа алып №34 көп салалы мектеп-гимназия бойынша «Жылулық сәулесі» акциясы 2021 жылдың 02.02-11.02 аралығында өткізілді. Акцияға мектеп ұжымы белсене қатынасты. Атап айтатын болсам Өзін-өзі тану пәні, тарих және география білестігі бес отбасына, яғни оқушыларымыз: Есентай Иммад, Жұмабаева Мария, Пак Карина, Саматқызы Сымбат және Жұмабаек Дінмухамед оқазық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Қазақ тілі және әдебиет бірлестегі, Бастауыш бірлестігі эпидемиологиялық ахуалға байланысты №7 емхана мамандарына, қоғамдық көлік қызметкерлеріне жылы лебіздерін білдіріп, тәтті сыйлықтарын ұсынды. МИФ, Ағылшын, Биология және химия бірлестегі мектептің тазалығын қамтамасыз етіп жүрген кіші қызметкерлерге ризашылықтарын білдіріп, қолғабыс жасады. Дене тәрбиесі және АӘД, Эстетика бірлестігі

бірігіп төрт отбасыны азық-түлікпен қамтамасыз етті. Орыс тілі бірлестігі даму мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын оқушыларға тәтті сыйлықтар табыстады. Барлық қатысушы ұстаздарға мектеп әкімшілігі атынан алғыс білдірілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы



А.Бисенгалиева

Хатшы



А.Кадыржанова

«Жылулық сәулесі» қамқорлық акциясы

